

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.І, Ч.ІV. - Б. 250-252

## **ГЕОАҚПАРАТТЫҚ (ГАЗ) ЖҮЙЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖЕРЛЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ**

*Жуматаева М.С магистр, оқытушы*

*М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент қ,*

Қазақстанның кезкелген облыстарында ауылшаруашылығының арнаулы мамандан-дырылған зоналарын құруға үлкен мүмкіншіліктер бар. Геоақпараттық жүйелер технологиясын пайдалану топырақтың құнарлылық дәрежесін анықтауға, эрозияға ұшыраған жерлерді бақылауға, жерлерді бағалау жұмыстарын жүргізуге, егіс алқаптарын немесе жайлым жерлерді түгендеуде, жылдам әрі дәл мәліметтерді анықтауға мүмкіндік береді. Эрозияға ұшыраған топырақтың құнарлылығы тез төмендейді. Ауылшаруашылық өнімдерінің түсімін 1,2-2,0 есе төмендетеді. Топырақ дегредациясы ауылшаруашылық өндірісінен түсетін табысқа кері әсер етеді. Соның негізінде, бағаның шарықтауы, ауылшаруашылық жер пайдаланушылардың несиеге тәуелділігіне әкеп соғады.

Әр 5 жыл сайын ауылшаруашылық жерлеріне мониторинг негізінде алынған ақпараттар аудан бойынша бірыңғай базаға кіргізіліп, ішкі шаруашылық жерге орналастыру және аумақты эрозияға қарсы күресу шаралары негізінде жүргізілген жобалау сандық карта түрінде жасалып отырса, сонымен қатар, әр жер учаскесі бойынша нақты мәліметтер дер кезінде жаңартылып отырса, ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мүмкіншіліктері артар еді[1].

Геоақпараттық жүйелер технологиясын пайдалану заман талабы, ол көптеген мәліметтерді тақырыптық карталардың көмегімен көрсетуге мүмкіндік береді. Осы негізде тақырыптың өзектілігін төмендегідей бірнеше түйінге бөлуге болады.

-зерттелетін нысандарға аумақтық тұрғыда талдау жасау.

-нысанның жер ресурстарының қазіргі жағдайын талдау.

-зерттелетін аймақтың ауылшаруашылық жерлерінің меншіктеу формасы және құрылымы.

-ауылшаруашылық жерлеріне арналған кешенді агротехнологиялық шараларды анықтау.

-қазіргі заманауи геоақпараттық жүйеден (ГАЗ) тұратын технологияны нақты ізденіс мақсаттарында пайдалану.

-«жаңа технологияларды пайдалану арқылы ауылшаруашылық жерлерінде жылдам әрі дәл бақылау жұмыстарын жүргізу[2].

ГАЗ технологиясы арқылы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдалану тиімділігін арттырады. Яғни, аудан бойынша жүргізілген

мониторинг нәтижелеріне сәйкес жердің сапалық жағдайына байланысты тақырыптық карталар мен ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасын жасаудың ғылыми құндылығы мен тәжірибелік маңызын анықтайды[3].

ГАЗ нәтижелері:

-Зерттелетін аумақтағы ауылшаруашылық жерлерін пайдаланатын кәсіпорындардың құрылымы, көлемі, шаруашылық ету нысандары, құқықтық ұйымдастыру негіздері анықталады, талданады, сонымен қатар жер санаттарының өзгеріс динамикасы келтіріледі.

-Ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдаланудың әдістемелік қағидаларына шолу жасау, олардың әрқайсысының мазмұндық сипаттарын баяндау арқылы, ГАЗ технологиясын қолданып ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалануды жетілдіру мақсатының қажеттілігі анықталды.

-Зерттелетін аумақта физикалық – география тұрғысынан талдау жасалып, жаңартылған ГАЗ технологиясының көмегімен тақырыптық карталар қарастырылды;

-Анықталған ауылшаруашылық дақылдары негізінде ауданның ауылшаруашылық дақылдарының таралуын көрсететін карта және жерді бағалау критериялары бойынша алынған нәтижеге сәйкес жерлерді бағалау картасы құрастырылды;

-Ауданның шаруашылыққа мамандануы бойынша, аудан территориясын аудандастыру картасы жасалды және онда орналасқан типтік өндірістік кешендерде ішкі шаруашылық жерге орналастыру жобасы ұсынылды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Ахметов Е., Кунаев М. Геоакпараттық жүйе негіздері. – Алматы, 2008.

2 Геоинформационные системы и технологии. GIS-технологии. Все о ГИС и их применении –2012

3 Геоинформационные системы. Сайт Отдела ГИС технологий. – 2013, декабрь - 2 /

4 Kamelkhan Gulsara, Velta Parsova, Julamanov Tair, Musanova Madina.

Gis technologies and their application in the field of planning and functional zoning of protected areas in the republic of Kazakhstan // Aleksandras Stulginskis University, Baltic Surveying Proceedings of Scientific Methodical Conference “Baltic Surveying’16”. - Jelgava, 2016. – P. 30-34.